

3 Интернет ресурс: Сақтағанова З.Ғ. 1920 – 1980 жылдардағы Қазақстандағы саяси репрессия: кезеңдері мен салдары. //https://anatili.kazgazeta.kz/news/59681

4 Интернет ресурс: Қазақстандағы репрессиялық жазалау іс әрекеттеріне ұшыраған қазақ интеллигенциясының саны мен құрамындағы демографиялық мәселелер (1926-1959 жж.). //https://e-history.kz/kz/history-of-kazakhstan/show/9014

## ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДА ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУЫ

Бимағамбет А.Қ.

Ғылыми жетекшісі: г.ғ.м., аға оқытушы Тулегенова А.Ж.

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Электрондық адресі: [bimagambet1907@mail.ru](mailto:bimagambet1907@mail.ru)

Қарағанды қ.

Ұлы Отан соғысы жылдары Қазақстан тарихында ерекше орын алады. Ғылым мен мәдениет қайраткерлерінің бұл кезеңдегі шығармашылық қызметі асқақ отаншылдыққа негізделіп, айырықша жемісті болды. Соғыс жылдарында жоғары оқу орындарының, мәдени-ағарту және ғылыми-зерттеу мекемелерінің саны көбейіп қана қоймай, сонымен қатар бүкіл мәдениеттің, ғылымның дамуына ықпал етті. Жалпы кеңестік, сонымен қатар Қазақстан ғылымының да соғыс жылдарындағы негізгі міндеті адам, өндіріс және табиғат ресурстарын майдан қажетіне жұмылдыру ісіне жәрдемдесу болды. Мұның мәнісі пайдалы қазбалардың зерттелуі мен пайдаланылуын жеделдетіп, тереңдетіп шикізаттың жаңа көздерін ашу. Осы міндеттерді орындауда КСРО Ғылым академиясымен қатар, КСРО Ғылым академиясының Қазақстан филиалы жетекші рөл атқарды.

Соғыс республиканың жоғары оқу орындары және олардың көш бастаушысы Қазақ университеті үшін де қатаң сын болды. Негізінен 1941-1942 жылдары майданға оқу орнының 287 студенті мен оқытушылары, қызметкері аттанды. 1941 жылы 910 студент болған студенттер саны 1942 жылы 737-ге азайды. 1945-1946 жылдары 982 адамоқыды.

Фашизмге қарсы күреске ғылыми күштерді біріктіру мақсатында 1941 жылдың күзінде кеңестік ғалымдардың Антифашистік комитеті құрылды. Комитеттің жетекшісі академик Н.С. Державин, орынбасарлары академиктер П.Л.Капица, Е.М. Ярославский және А.Е. Ферсман болды. Митингтер мен жиналыстарда ғалымдар дәрістер мен баяндамалар оқыды, радио хабарларын жүргізді [1, 194 б.].

Фашистік идеологияның күйреуіне кеңестік, соның ішінде қазақстандық ғалымдардың зерттеулері де өз ықпалын тигізді. Тарихшылар, философтар, әлеуметтанушылар, қаржы қызметкерлері бұл іске өз үлестерін қосты. Ғылыми-зерттеу институттары мен жоғары оқу орындарында зерттеулердің тақырыптары қайта қаралды. Ғылыми жұмыстардың жоспарына жаңа тақырыптар енгізілді, олар соғыс жағдайындағы елдің алдында тұрған күрделі мәселелерді шешуге бағытталды. Атап айтсақ, 1941 жылы 5 қазанда КСРО Ғылым академиясы Қазақ филиалының президиумы 1942 жылғы ғылыми-зерттеу жұмыстарының тақырыптық жоспарын қарай келе, қорғаныс металдарын, жергілікті минералды шикізат пен отын көздерін іздестіру экспедицияларын қосымша жасақтау, химия өндірісін дамыту, мал басын көбейту бойынша тақырыптарды орындау қажет деген қорытындыға келді.

1941 жылы 16 қазанда елдің қорғаныс қажеттілігі үшін республиканың өндіргіш күштерін жан-жақты зерттеу мақсатында Қазақ ССР мемлекеттік жоспарлау комитетінің жанынан құрамында өндіріс және ауылшаруашылығы саласы бойынша тұрақты комиссия бар ғылыми-техникалық кеңес ұйымдастырылды. Кеңесті Қ.И. Сәтбаев және республиканың мемлекеттік жоспарлау комитетінің төрағасы басқарды. 1942 жылы Кеңес

аяқталған 104 тақырыпты қабылдады, оның 19-ы Қазақстан КП (б) ОК және Қазақ ССР ХКК шешімімен мақұлданды. Ғылыми-зерттеу институттарында ауыл шаруашылығы зиянкестерімен күресетін улы химикаттардың орнына минералдық және өсімдіктік қалдықтарды қолдану жолдары зерттелді.

Кешенді ғылыми-зерттеу жұмыстары жоғары оқы орындарында жүргізілді. Ауыл шаруашылық саласында зерттеу жұмыстарын 1940 жылы ұйымдастырылған В.И. Ленин атындағы бүкілодақтық ауылшаруашылық ғылыми академиясының Шығыс бөлімшесі жүзеге асырды [2, 36-37 бб.].

Ғылыми-зерттеу жұмыстарын елдің қорғаныс қажеттіліктерімен байланыстырудың талап етілуі республикада ғылымның одан әрі жедел қарқынмен дамуын және жетілдіріле түсуіне әсерін тигізді. Ғылыми зерттеулердің тақырыптары негізінен Қазақстанның шикізат қорын зерттеумен байланысты неғұрлым маңызды мәселелерді шешуге бағытталды.

1942 жылдың наурызына дейін - ақ халық шаруашылығы және қорғаныстық маңызы бар 150 тақырып бойынша ұсыныстар мен тұжырымдар берілді. Әсіресе, геолог ғалымдар жемісті жұмыс істеді, олар пайдалы қазбалардың 500-дей кенішін ашты және 150 кенішті зерттеді, бұлардың бір бөлігі бірден игеріле бастады. Соғыс қарсаңында КСРО ҒА-ның Қазақ филиалының 7 секторы мен екі лабораториясында 100-ге жуық ғылыми қызметкерлер болды. 1941 жылдың соңында филиал құрамы елдің орталық аймақтарынан көшіріліп әкелінген ғалымдармен толыға түсті. Сонымен қатар аспирантура ұйымдастырылып, республикада жоғары білікті ғылыми кадрларды даярлауға жол ашты. Филиалдың ғылыми потенциалы өсті, 1942-1944 жылдары онда академиялық институттар ашылды. Мысалы, астрономия және физика, әдебиет пен тіл, тарих, химия-металлургиялық, топырақтану және ботаника, өлкелік патология және зоология т.б.

1944 жылы 18 тамызда Қазақстан Коммунистік партиясының Орталық Комитеті мен ҚазКСР Халық Комиссарлар Кеңесі «ҚазКСР Ғылым Академиясын ұйымдастырудың дайындық іс-шаралары туралы» шешім қабылдады. КСРО ҒА-ның Қазақ филиалының жаңа құрылымы анықталды. Ол бойынша 15 институт және 7 сектор құру қарастырылды.

1941-1945 жылдары республикада 12 ғылыми институт және олардың филиалдары ашылды, ғылыми қызметкерлердің саны 152–ден 864 адамға дейін өсті. Мұның бәрі КСРО Ғылым академиясының қазақ филиалын Қазақ КСР Ғылым Академиясы етіп қайта құру үшін алғышарт жасады, бұл заң жүзінде 1946 жылы маусымда аяқталды.

Республикада Ғылым Академиясының қалыптасуы мен дамуы академик Қ.И. Сәтбаевтың есімімен байланысты болды [3, 162 б.]. Ол – Кеңестік Шығыстан шыққан тұңғыш академик, республикадағы шикізат қорын ғылыми жолмен игерудің негізін қалаушы.

Сәтбаев Қаныш Имантай ұлы – аса көрнекті қазақ кеңес геологы, ғалым, қоғам қайраткері, Қазақ КСР Ғылым академиясын ұйымдастырушы және тұңғыш президенті (1946 ж.), КСРО ҒА-ның академигі, Қазақ КСР ҒА-ның академигі.

Ғылыми еңбектерінің басым көпшілігі рудалық кендер геологиясын және Қазақстанның минералдық ресурстарын зерттеуге арналды. Пайдалы қазындылардың болжам карталарын құрастырудың принциптерін айқындаудағы ғалымның еңбегі өте зор. Қ.Сәтбаев – Одақтағы металлогения ғылымын жасаушылардың бірі және Қазақстандық металлогения мектебінің негізін қалаушы. Ғалымның қалдырған бай ғылыми мұраларының ішінде әсіресе Жезқазған кені туралы зерттеулерінің, Сарыарқаның металлогендік және болжам карталары жөніндегі еңбектерінің мәні ерекше.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Қаныш Сәтбаев Қазақстан өндірісін стратегиялық шикізатпен қамтамасыз ету ісіне көп күш салды. Ірі Никополь марганец кенінің неміс басқыншылары уақытша басып алған ауданда қалуы, Чиатура марганец кенінің қара металлургия орталықтарынан үзіліп қалуы т.б. жағдайлар елімізде танк бронын құюға аса қажет марганецке тапшылық туғызды. Міне осындай өте қиын кезеңде ғалымның тікелей жетекшілігімен және қатысуымен Жезді марганец кені ашылды және өте қысқа мерзім ішінде барланып, іске қосылды. Сөйтіп, Оралдың қара металлургиясы жеткілікті мөлшерде марганецпен қамтамасыз етілді [4, 79-80 бб.].

1942 жылы Қ.Сәтбаевқа ғылымдағы ерекше жетістіктері үшін диссертация қорғатпай-ақ геология-минералогия ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесі берілді. 1943 жылы ол КСРО ҒА Қазақ филиалы Президиумының төрағасы болып сайланды. 1945 жылы Ғылым академиясының Қазақ филиалына қарасты ғылыми мекемелері 285 тақырып бойынша зерттеу жүргізді, ал 1944 жылы 150 тақырыппен жұмыс жасаған болатын. Егер 1941 жылы филиал 31 экспедициялық отряд ұйымдастырса, 1944 жылы оның саны 102-ге, 1945 жылы 104-ке жетті.

Соғыс жылдарында барлығы 350 экспедициялық отрядтар ұйымдастырылды. Олар республиканың табиғат ресурстарын анықтауға зор үлес қосты. Соғыстың төрт жылында КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалы Одақтық және Республикалық үкіметке, әртүрлі наркоматтарға 160-тан астам нақты ұсыныс жіберді [2, 37 б.].

Жезқазған мыс кені алабының өркендеуі, республикадағы көптеген алуан түрлі кен орындарының ашылуы мен пайдаланылуы, әсіресе Орталық және Солтүстік Қазақстандағы, Кенді Алтайдағы кен орындары ғалымның есімімен тікелей байланысты. Оның ерен еңбегінің арқасында пайдалы кен орындарының қай жерде қалай шоғырланғанын білуге, оның болжау картасын жасауға мүмкіндік туды. Қ.И.Сәтбаевпен бірге республиканың белгілі ғалымдары, академиктері Р.А. Борукаев, И.И. Бок, Ш.Е. Есенов, А.К. Қайымов, Е.Д. Шлыгин, Г.И. Щерба және басқа да ғалымдар жұмыс істеді.[5, 551 б.].

Соғыстың аяғына қарай геолог-ғалымдар (Р.А. Борукаев, Н.Г. Кассин, М.П. Русанов, Қ.И. Сәтбаев) жоғарыда атап көрсетілгендей, 500-ге жуық кен көздерін ашып, вольфрамның, марганец, молибденнің мыстың, мұнайдың, көмірдің және басқа да пайдаоы қазбалардың 150 кенішін толық зерттеді және оларды өндеуге өнеркәсіпке берді.

Ғылымның дамуында республикалардың ынтымақтастығы елеулі рөл атқарды. Қазақстан ғалымдарының жанында Мәскеудің, Ленинградтың, Киевтің және елдің басқа қалаларының 20-дан астам ғылыми мекемелерінің ұжымдары және академиктер И.П.Вернадский, В.А.Обручев, А.М.Панкратова, А.А. Скочинский және басқалары сияқты дүние жүзіне мәлім ғалымдар жұмыс істеді.

Көптеген мемлекеттерде КСРО ғалымдарымен тығыз байланыстар орнатуға бағытталған қоғамдық қозғалыстар, достық комитеттері мен қоғамдары пайда болды. Олармен ғылыми және техникалық ақпараттармен алмасу жұмыстары жүргізілді. Соғыстың соңғы жылында Қазақ және Әзербайжан Ғылым академиялары пайда болды. Жалпы алғанда КСРО-да 1945 жылы 2 мыңнан аса ғылыми мекемелер, оның ішінде 900-ден аса ғылыми-зерттеу институттары мен олардың филиалдары болды [6,586 б.].

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты еліміздегі көп салалы ғылым жүйесінде өз орны бар шығармашылық ұжым болып табылды. Қазақ топырағында тарих ғылымының дамуы, өркендеуі және бұл салада кәсіби тарихшы мамандардың бірнеше буынының қалыптасуы осы ғылыми мекеменің қызметімен тікелей байланысты.

Қазақстанда академиялық ғылыми мекемелердің қалыптасуы 1932 жылдан, яғни осы жылы КСРО Ғылым Академиясының Қазақстандық базасының өмірге келуінен бастау алады. 1933 жылы оның құрамында тарих, археология, әдебиет және фольклор, тіл, бейнелеу және музыкалық-хореографиялық өнер салаларын зерттеумен айналысатын Қазақ ұлттық мәдениеті институты ашылады. Осы институттың құрамында ұйымдастырылған тарихи-археологиялық сектор 1936 жылдан бастап тарих секторы болып атала бастайды. 1941 жылы КСРО Ғылым академиясының Қазақ филиалы құрамында тіл, әдебиет және тарих институты құрылып, оның өмірге келуіне Н.Т. Сауранбаев (институттың бірінші директоры), Ә.Х. Марғұлан, С. Аманжолов сияқты ғалымдар атсалысты.

Қазақ КСР Халық комиссарлар Кеңесінің 1944 жылғы 6 желтоқсандағы № 689 шешімін және КСРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалының Президиумы 1945 ж. 14 тамызында Тіл, әдебиет және тарих институтының құрамындағы ғылыми бағыттарды негізге ала отырып, екі ғылыми-зерттеу институтын, яғни а) Тарих, археология және этнография; б) Тіл және әдебиет институттарын құру жөнінде шешім қабылдайды. Міне, осы атқарылған істер елімізде тарих ғылымы мен оның зерттеуші мамандарының қалыптасып, өркен жаюына қажетті алғы шарттарды түзіп берді.

XX ғ. алғашқы жартысына тән М. Тынышбаевтың, Т. Рысқұловтың, С. Асфендияровтың және басқа ұлт зиялыларының тарих саласындағы ізденістері мен кітаптары академиялық отан тарихының негізін қалады. Мәселен, 1935 жылы Санжар Жапарұлы Асфендияровтың "История Казахстана с древнейших времен" атты еңбегі жарық көрді. Бұл шын мәнінде қазақ тарихын бір кітап көлемінде жинақы көрсетудің алғашқы үлгісі болатын.

Өмірінің соңғы он жылында ғана ғылыммен тыңғылықты айналысуға мүмкіндік алған С.Ж. Асфендияров артына өшпес мұра қалдырды. Қазақстан тарихының көне дәуірден 1917 жылғы Қазан революциясына дейінгі аралығын саралаған тұңғыш монография мен оқулықтары жарияланды, ал бұл шығармалар бүгінгі таңда да терең ойлармен, соны пайымдаулармен зиялы қауымның ыстық ықыласына бөленуде. Ғұлама ғалымның қаламынан туған кітаптардың жалпы саны оннан асып жатса, мақалалары, толық емес деректер бойынша жүзге жуық. Бұлардың ішінде исламның шығу себептері, 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі жайлы зерттеуі, Қазақстанның өткеніне байланысты екі томдық деректер мен материалдар жинағы – өз уақытында бүкіл еліміз бойынша мәртебелі баға алған дүниелер [7,217 б.].

Санжар Жағыпарұлы шығармашылық кемел шағында – 1937 жылғы 22 тамызда, яғни 48 жасқа қараған шағында «халық жауларымен» күрес науқанына ілігіп, тұтқынға алынды. Арада алты ай өткен соң 1938 жылдың 25 ақпанында он бір пункттен тұратын айып қорытындысымен ату жазасына кесілді.

Ғалымның жарық көрген еңбектерінен басқа бай кітапханасы, жариялауға даяр тұрған қолжазбалары болғаны мәлім. Мәселен, Қазақстан тарихының кеңестік дәуірін қамтыған монографиясы баспадан шыққалы жатыр еді. Қазақстанды әскери отарлау жайлы зерттеуі жазылып біткен еді. Соңғысын өз көзімен көрген ҚазМУ ардагері, доцент Дәмен ақсақал Дінасылов қолжазба туралы көңілі толқи отырып әңгімелеген болатын. Санжар Жағыпарұлы Асфендияровтың мол мұрасын жинақтап жарыққа шығару алда тұрған үлкен міндеттердің бірі [7,220 б.].

Соғыс жылдары Мәскеу мен Ленинград қалаларының көрнекті тарихшы ғалымдары — М.П. Вяткиннің, Н.М. Дружининнің, А.П. Кучкиннің, А.М. Панкратованың, С.В. Юшковтың және басқалардың Алматыға эвакуация жолымен келуі республикада тарих ғылымының жаңа серпін алуына себепші болды. Алматыда эвакуацияланғандардың саны артуы байланысты, республикалық билік олардың біразын басқа қалалар Жамбылға, Шымкентке, т.б. жіберуді ұйғарды. Алайда астанада А.М. Панкратова бастаған бұрын келген топ орналасқан еді.

А.М. Панкратова Ұлы Отан соғысы жағдайында мәскеулік білікті он тарихшыдан тұратын топтың Қазақстанға үлкен пайда келтіре алатынына жергілікті ұйымдарды сендіре білді. Топтың құрамында А.М.Панкратовадан басқа КСРО тарихының бес маманы (Д.А. Баевский, М.П.Вяткин, Н.М. Дружинин, Я.Я. Зутис, А.П. Кучкин) және жалпы тарихтың бес маманы (Р.А. Авербух, С.И. Ленчнер, А.Ф. Миллер, Ф.И. Нотович, Ф.В. Потемкин) болды. Олар қалалық партия комитетінің штаттан тыс лекторлары болып тағайындалды да, жергілікті органдармен келісім бойынша алғашқы тапсырманы фашистермен басталған соғыс жағдайларында тарихты оқыту туралы қазақ мұғалімдеріне арналған әдістемелік оқу құралын дайындауға кірісті. Жұмысты ұйымдастыру сол кезде ҚазКСР Ағарту министрлігі мектеп басқармасының бастығы болып қызмет істеген Ермұхан Бекмахановқа жүктелді. Әдістемелік оқу құралы тез жасалып, баспаға берілді және бір айдан кейін жарық көрді.

Тарихшылардың Мәскеу мен Ленинградтан эвакуациялануы Е.Б. Бекмахановтың ғана емес, сонымен бірге көптеген қазақ зерттеушілерінің тарихи тұжырымдарының қалыптасуына, жалпы тарих ғылымының дамуына игі әсер етті. Осы аталған авторлар ұжымы 1943 жылы әзірлеген ғылыми еңбек «Қазақстан тарихы» (История Казахстана) мемлекеттік сыйлыққа ұсынылды [5, 506-507бб.].

1945 жылы КСРО Ғылым Академиясының Қазақ филиалының құрамында Тарих, археология және этнография институтын құру жөнінде қабылданған шешім елімізде тарих ғылымының дербес сала ретінде дамуына негіз болды. Ашылған жылы институттың үш секторында бес қызметкер жұмыс жасады. Институттың қызметін ұйымдастыру және оның

ғылыми бағытын анықтау ісіне КСРО Ғылым Академиясының А.М. Панкратова, Б.Д. Греков, К.М. Дружинин және М.В. Нечкина сияқты көрнекті ғалымдары атсалысты.

Ғылыми мекемелер жүйесінің кеңеюі мен материалдық-техникалық базаның күшеюі ғылымның дамуына игі әсерін тигізді. Зерттеулердің көлемі артып, ғылымның майданмен және тылмен байланысы беки түсті, жоғары білікті кәсіби мамандар даярлау арта түсті.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Советская культура в годы Великой Отечественной войны. -Москва, 1976.
2. Назарбаева Г., Әбжанов Х. Қазақстан: тарих тұлға теория. – Алматы, 2004. -344 б.
3. Тастанов Ш.Ю. Казахская советская интеллигенция. –Алма-Ата, 1982.
4. Қазақ совет энциклопедиясы. 10-том. - Алматы, 1977.
5. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 4-том. Алматы: «Атамұра», 2010. -752 б.
6. Советский Союз в годы Великой Отечественной войны, 1941-1945. -Москва,1976.
7. Назарбаева Г., Әбжанов Х. Қазақстан: тарих пен тағдыр. Мақалалар. –Алматы: «Кітап баспасы» ЖШС. -2003. – 296 б.

## АШАРШЫЛЫҚ ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАН

Боранбай С, Аширбекова А.

Ғылыми жетекшісі: т.ғ.м., оқытушы Орынбекова.Р.Ж  
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті  
riza-janibekovna@mail.ru

Қазірде еліміздің тәуелсіздік алып, еңсемізді тіктеп отырғанымызға 30 жылдан асты. Осы аралықта еліміз аяғынан нық тұрып, экономикалық, саяси және әлеуметтік жағынан болсын батыл қадамдар жасай білді. Тәуелсіздігіміздің қаншалықты қиын жолмен келгенін әрдайым есте сақтап, тарихтың ақтандақ беттеріне терең үңіліп, оларды кеңінен зерттеу - ата-баба алдындағы борышымыз деп білеміз. Өткенімізден өнеге ала отырып, тойға емес, ойға баса мән берілуі керек. Сонда ғана егемендігіміз бен елдігімізді сақтап қала аламыз. Себебі тәуелсіздік алу қаншалықты қиын болса, оны сақтап тұра алу да үлкен жауапкершілікті іс.

Осы тұрғыда тарихи сананы жаңғыртатын іс- шараларға басымдық беріліп, өзекті тақырыптарға мән берілуде. Сондай бір ұлт жанынан өшіруге келмейтін қасіретті кезең - ашаршылық зобалаңы екені анық.

Егеменді ел болу қазақ халқын дүр сілкіндіріп, оның әлеуметтік белсенділігін шарықтау шыңына көтерді. Қазақ халқының тарихындағы ең қасіретті кезеңнің бірі деп, ашаршылық кезеңін айтуға болады. Бақ-дәулет басымыздан ұшқан заманда қазақ халқы іргелі көршісі Ресейге үлкен үмітпен қол созғанын білеміз. Шын мәнінде ашаршылық Кеңес үкіметі кезеңінде жабық тақырыптардың бірі болып саналды. Барлық құжаттар мен деректер мемлекеттік құпия ретінде танылып ғалымдар үшін қолжетімсіз болды. Тек, Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен тарихымыздың соқтықпалы жолдарына ерекше көңіл бөлініп, осы бағыттағы мәселелер мемлекеттік деңгейде көтеріле бастады. Соның арқасында бұл нәубет бір әулеттің немесе ауылдың ғана емес, сол кездегі тұтас халықтың басына түскен алапат қасірет екені ашық айтылды. Академик Манаш Қозыбаев бастаған ғалымдарымыз көптеген зерттеулер жүргізіп, архивтерден құнды деректер жинап, маңызды еңбектер жазды. Сондай-ақ, 31 мамыр Саяси қуғын –сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні ретінде белгіленді [4,50 б].